

Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 339 Қаулысы.

Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың басшылары бір ай мерзімде "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы N 304 Жарлығын іске асыру мақсатында қызметкерлер санын қысқартуды ескере отырып, штат кестелеріне өзгерістер енгізісін және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне тиісті ақпарат енгізісін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қоршаған ортаны қорғау министрліктері, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы функциялардың аражігін ажыратуға байланысты қызметкерлердің санын қайта бөлу және беру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

4. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) екі ай мерзімде "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы N

304 Жарлығына сәйкес орталық атқарушы органдардың штат санын қысқарту жөнінде ақпарат;

2) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2008 жылғы 30 сәуірге дейін "Қазына" орнықты даму қоры", "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі", "ҚазАгро" ұлттық холдингі", "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" акционерлік қоғамдарының, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жұмыс істеуін ескере отырып, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің санын оңтайландыру жөнінде ақпарат енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Экономика және бюджеттік жоспарлау және Әділет министрліктері үш күн мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарын және оның төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау және өртке қарсы қызмет комитеттерін оларды Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарына біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру туралы нормативтік құқықтық актінің жобасын енгізсін.

6. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі К. Мәсімов**

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қосымшаға өзгерістер енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 26.01.2022 № 26 қбп (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.03.2022 № 169 қбп; 29.04.2022 № 270 қбп (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.05.2022 № 319 қбп (01.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.05.2022 № 330 қаулысымен (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.06.2022 № 350 қбп (08.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.06.2022 № 411 қбп (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.09.2022 № 647 қбп; 29.09.2022 № 762 қбп; 22.10.2022 № 842 қбп; 31.10.2022 № 858 қбп; 03.11.2022 № 864 қбп; 25.01.2023 № 47 қбп; 13.02.2023 № 122; 17.02.2023 № 140 қбп; 22.02.2023 № 149; 10.03.23 № 195 қбп; 14.03.2023 № 199 қбп; 27.03.2023 № 244 қбп; 25.04.2023 № 324 қбп; 18.05.2023 № 382 қбп (01.04.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.06.2023 № 501 қбп; 14.07.2023 № 582 қбп; 03.08.2023 № 640 қбп; 29.08.2023 № 727; 07.09.2023 № 773 қбп; 04.10.2023 № 862; 04.10.2023 № 863; 04.10.2023 № 866; 19.10.2023 № 923 қбп; 30.11.2023 № 1066 қбп (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2023 № 1228 қбп (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.01.2024 № 8 қбп; 05.02.2024 № 68; 26.02.2024 № 126 қбп; 20.03.2024 № 216 қбп; 15.04.2024 № 284 қбп; 20.05.2024 № 395 қбп; 27.05.2024 № 412 қбп (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.06.2024 № 491 қбп; 10.07.2024 № 541; 06.08.2024 № 628 қбп; 22.08.2024 № 681 қбп; 12.09.2024 № 742

қбп; 27.09.2024 № 799 қбп; 14.10.2024 № 848 (01.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі);
24.10.2024 № 884; 31.10.2024 № 908 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 15 сәуірдегі
№ 339 қаулысымен
бекітілген
Қызмет бабында пайдалану үшін

Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2021 № 874 қаулысымен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 15 сәуірдегі
N 339 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 103 қаулысы 4-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 6, 53-күжат).

3. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 744 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалануға жер учаскелерін беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 қарашадағы N 1162 қаулысының 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 44, 584-күжат).

6. "Автожол саласындағы сапаны арттырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 1305 қаулысының 4-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 50, 643-күжат).

7. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 1319 қаулысының 4-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 50, 648-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 649 және 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 28 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 4, 27-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N

36 қаулысының 4-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 4, 30-құжат).

10. "Оңтүстік Қазақстан облысы жекелеген мемлекеттік мекемелерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы N 52 қаулысының 10-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 4, 36-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 ақпандағы N 139 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 7, 62-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 142 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 8, 67-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 313 қаулысының 5-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 14, 136-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 329 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 15, 145-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 мамырдағы N 353 қаулысы.

16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 және 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 509 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 21, 208-құжат).

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 586 Қаулысы.

18. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі комитеттерінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 626 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 24, 251-құжат).

19. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 692 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 27, 285-құжат).

20. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 700 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 27, 290-құжат).

21. "Қазақстан Республикасы министрліктерінің және Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 тамыздағы N 730 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 28, 370-құжат).

22. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің "Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы" мемлекеттік мекемесін құрудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 811 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 32, 348-құжат).

23. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінде мамандандырылған бөлім құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 852 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 34, 365-құжат).

24. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы N 1024 қаулысының 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 40, 116-құжат).

25. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қарашадағы N 1049 Қаулысы.

26. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 1236 Қаулысы.

27. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ орта мамандандырылған музыка мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесін Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1324 қаулысының 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 50, 551-құжат).

28. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелерін - халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген толықтырулар мен өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 1, 6-құжат).

29. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қаңтардағы N 60 қаулысы.

30. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 72 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 2, 32-құжат).

31. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 ақпандағы N 120 қаулысы.

32. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 наурыздағы N 164 қаулысының 7-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 7, 82-құжат).

33. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи

паркі "мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 ақпандағы N 88 қаулысының 7-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 3, 43-құжат).

34. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 ақпандағы N 89 қаулысы.

35. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 ақпандағы N 105 Қаулысы.

36. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 109 қаулысының 7-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 3, 49-құжат).

37. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 110 қаулысы.

38. "Облыстық бюджеттер мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 наурыздағы N 182 қаулысы.

39. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 268 қаулысы.

40. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 мамырдағы N 391 қаулысы.

41. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 мамырдағы N 438 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 12 және 13-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 17, 191-құжат).

42. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті Алматы қаласының "Шаңырақ" шағын ауданындағы "Спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесін құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 шілдедегі N 613 қаулысының 5-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 25, 290-құжат).

43. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті мен Салық комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 697 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 30, 332-құжат).

44. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағына беру және қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 704 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

45. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 тамыздағы N 714 қаулысы.

46. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 744 қаулысының 4-тармағы.

47. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "УЛ-154/4 мекемесі", "ЕЦ-166/13 мекемесі" мемлекеттік мекемелерін тарату және "Оналту орталығы 1", "Оңалту орталығы 2" мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 қыркүйектегі N 783 қаулысының 6-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 33, 367-құжат).

48. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 811 қаулысының 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 34, 379-құжат).

49. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары - мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қыркүйектегі N 859 қаулысының 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 35, 405-құжат).

50. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 қазандағы N 982 Қаулысы.

51. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 қарашадағы N 1077 қаулысы.

52. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Маңғыстау облысының Әділет департаменті Мұнайлы ауданының Әділет басқармасы және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мұнайлы аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 1182 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ